

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ» МЕКЕМЕСІ

ИНЖЕНЕР ФАКУЛЬТЕТІ



«Компьютерлік инженерия» кафедрасы

ӘОЖ 004.438

Қолжазба құқында

Аширметов Айбек

JOOMLA МҮМКІНДІКТЕРІН ҚОЛДАНЫП
МЕКТЕП САЙТЫН ҚҰРУ

6М070400– «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»
мамандығы бойынша техника ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін
алуға ұсынылған диссертация

Қаскелең, 2013

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ» МЕКЕМЕСІ

ИНЖЕНЕР ФАКУЛЬТЕТІ



«Компьютерлік инженерия» кафедрасы

«Қорғауға жіберілді»
Жауапты кафедра меңгерушісі
т.ғ.д., профессор Е.Н. Әмірғалиев

« 16 » 2013 ж.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім
беру департаментінің меңгерушісі
Ф.К. Ақдәулет Шабан

« 11 »

2013 ж.

Магистрлік диссертация

JOOMLA МҮМКІНДІКТЕРІН ҚОЛДАНЫП МЕКТЕП САЙТЫН ҚҰРУ

Мамандығы: 6M070400– «Есептеу техникасы және бағдарламалық
қамтамасыз ету»

Магистрант

Аширметов А.

Ғылыми жетекшісі

т.ғ.д., профессор Әмірғалиев Е.Н

Қаскелен, 2013

АҢДАТПА

Республикамыздың білім беру жүйесін акпараттандыру – еліміздің даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі, себебі ХХІ ғасыр – білім беру жүйесін акпараттандыру ғасыры. Ұсынып отырған ғылыми жұмысты бастауға осындай ізгі максат түрткі болды. Бұл жоба болашақта мектеп қабырғасында Web – сайт құру технологияларын қолданып, үлкен жобалар жасауына түрткі болар деген сеніммен осы ғылыми жұмысты ұсындым.

Web-сайт бұл дүниенің кішкентай моделі. Бұрынғы кезде Web-сайтты бір адам - Web-мастер жасаған болса, қазіргі кезде Web-сайттарды бірнеше адам жасайды. Олар Web-дизайнер, программист, бизнес-кеңесші, маркетинг бойынша басқарушы, менеджер. Web-мастер мамандығы қазіргі кезде өзінің құпиялығын жоғалтып жатыр, ал сайт жасау технологиясы зертхана сыртына шығып көпшілікке белгілі болып жатыр. Бұның негізгі белгісі Интернет-жобаларға өсіп жатқан инвестициялар, Web-сайттардың күрделі білімдік, ғылыми, комерциялық мүмкіндіктері.

Өзіміз білетіндей Internet желісі түрлі сайттардан тұрады. Сайттарды пайдалана білуменқатар оны құра білу де қажет. Ол әрине көптеген жұмыстарды қажет етеді, ең бастысы ол не максатта құрылып жатыр? Әрбір Web-сайт тексттен, суреттерден, видео ұнтаспаларынан тұруы мүмкін. Мұндай сайттар ғаламшардың кез-келген нүктесіндегі компьютерде болуы мүмкін. WEB-тің негізгі қызметі- қажетті акпаратты шапшаң түрде кіріп көру, жинастыру және де оны экранға шығаруды ұйымдастыру.

Бұл диссертациялық жұмыста сайт жасаудың дайын сайтты басқарудың жүйесі яғни Joomla колдануға немесе сайтты бағдарламалау тілдері яғни PHP, Python, Java, Perl, Asp арқылы өзінің басқару жүйесін жасау арқылы құруға болатындығы түсіндірдім. Joomla – дүние жүзінде ашық кодты мәлеметтерді басқару жүйелері арасында бірінші орында. Ол бүкіл дүние жүзінде колданылады, Joomla арқылы шағын сайттардан бастап үлкен жобаларға дейін жасауға болады. Мысал ретінде Joomla басқару жүйесі арқылы жасалған www.pavktl.kz сайты жасау барысы қарастырылды.

АННОТАЦИЯ

Информационные системы образования Республики – одно из основных направлений стратегического развития страны, потому что XXI век – век информационных систем образования. Именно этот факт послужил поводом для написания представленной научной работы. Я предлагаю эту научную работу с уверенностью в том, что в будущем она послужит поводом для создания больших проектов в стенах школ с применением технологий создания Web-сайта.

Web-сайт – это маленькая модель нашего мира, если можно так выразиться. Если в прошлом Web-сайт создавался одним человеком, которого называли Web-мастер, то в настоящее время этим занимается группа людей: Web-дизайнер, программист, консультант и т.д. Технология по созданию Web-сайтов в современном потоке информации не является запретным для третьего лица. Соответственно, любой пользователь сети может доступно овладеть навыками создания Web-сайта самостоятельно.

Известно, что всемирная сеть Интернет состоит из сайтов. Соответственно, существует надобность создания оных. Конечно же, это не так прост, как кажется. Ведь каждый сайт состоит из многих потоков информации.

В данной диссертационной работе за основной метод исследования взята программа Joomla, так как она стоит на первых местах по управлению данными с открытым кодом доступа. В качестве применения рассмотрено создание сайта www.pavctl.kz с применением данной программы (Joomla).

ABSTRACT

Information education systems of republic – one of the basic directions of strategic development of the country, because XXI a century is a century of information education systems. An occasion to a writing of the presented scientific work. I offer this scientific work with confidence and hope that in the future it will become the cause for creation of the big projects within the precincts of school with application of technologies of creation Web sites.

Web site is the minimized model of the world. People used to make Web-sites on their own with the single Web master but nowadays it can be performed with multiple masters. They are Web designers, business consultants, programmers, marketing administrators and managers. The profession of Web master is losing its position of being mysterious and site making is becoming more and more available to the general public. We can see this from the size of investment being made on internet based projects and development in the complexity of its structure.

As we all know, World Wide Web consists of many sites. Not only should one should be able to use it but also he must know how to make one. Of course, it takes a lot of time and work but one thing is important what the purpose of that site is.

Any site can have videos, texts and other material that can be reached from any part of the world. The main purpose of the WEB is that it should make sure that one can easily compile, see and reach any information.

In this scientific work I explained that in site administrating we can use Joomla or other programming languages such as PHP, Python, Java, Perl, Asp. Joomla is one of the best systems in administering the open coded data. It is accepted worldwide. We can use simple and complex projects by using Joomla. www.pavctl.kz site is given as an example of using Joomla in scientific work.

МАЗМҰНЫ

МАЗМҰНЫ.....	6
БЕЛГЕЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР.....	8
КІРІСПЕ.....	9
1 БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОНЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	11
1.1 Білім беру жүйесіндегі ақпарат және оның оқушылардың белсенділігін арттырудағы ролі.....	11
1.2 Білім беруді ақпараттандыру мәселелері.....	23
1.3 Білім беруді ақпараттандыру маңызы.....	32
2 КОМПЬЮТЕРЛІК ЖЕЛІ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІ.....	36
2.1 Компьютерлік желі түсінігі.....	36
2.2 Жергілікті желі.....	36
2.3 Жергілікті желінің физикалық негізі.....	36
2.4 Желілік программалық камтамасыздандыру.....	37
2.5 Windows XP ОЖ-ң желісі.....	38
2.6 Ауқымды компьютерлік желі.....	38
2.7 Интернетпен байланыста физикалық принципі.....	40
3 WEB-САЙТТАР ЖӘНЕ PHP.....	43
3.1 Web-сайт түсінігі.....	43
3.2 Сайттар және олардың адрестері.....	43
3.3 Домендік зоналар.....	44
3.4 PHP бағдарламалау тілі.....	45
3.5 PHP дің пайда болуы және даму тарихы.....	45
4 WEB-САЙТ ҚҰРУДА БАҒДАРЛАМАЛАУ ТІЛДЕРІ ЖӘНЕ JOOMLA ОРТАСЫН МЕКТЕПТЕГІ ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРСТАР ОРТАСЫН ҚҰРУҒА ПАЙДАЛАНУ.....	49
4.1 JOOMLA ортасының ерекшеліктері.....	49

4.2 Теориялық негіздер, Denwer локалды серверін құру.....	50
4.3 Joomla-ны Денвер локалды серверіне орнату.....	52
4.4 Joomla-ны ID хост серверіне орнату.....	55
4.5 JOOMLA ортасынында мектептің оқу сайтын құру.....	59
ҚОРЫТЫНДЫ.....	68
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	69

БЕЛГЕЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР

ҚАТ – қазіргі ақпараттық технологиялар
ОЖАТ – оқытудың жаңа ақпараттық технологиялар
ОҚАТ – оқытудың қазіргі ақпараттық технологиясы
ЭКЖҚОТ – электронды-коммуникативті жүйелер, құралдар және оқыту технологиясы
ОАТ – оқытудың ақпараттық технологиясы
ЭЕМ – электрондық есептеуіш машина
ЮНЕСКО (UNESCO) – (United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization) Біріккен Ұлттар Ұйымы
АКТ – ақпараттық коммуникациялық технологиялар
ЖКЖ – жергілікті компьютерлік желі
АКЖ – аумақты () компьютерлік желі болып бөлінеді.
ОЖ – операциялық жүйе
DHCP – Dynamic Host Configuration Protocol
TCP – Transmission Control Protocol
IP – Internet protocol
DARPA – Defense Advanced Research Projects Agency
ARPANet – Advanced Research Projects Agency Network
WWW - World Wide Web
VRML – Virtual Reality Modeling Language
ISOC – Information Security Operations Center (Internet Society)
SCN – Siemens Corporate Network)
ADSL – Asymmetric digital subscriber line
FTP – File Transfer Protocol
VoIP - Voice over Internet Protocol
HTML – Hyper Text Markup Language
PHP – Personal Home Page
DNS – Domain Name System
URL – uniform resource locator
ASP – Analog signal processing
XML – eXtensible Markup Language
PDF – Portable Document Format
MySQL – Structured Query Language
DLE – DataLife Engine
CMS – content management system
ББЖ – Берілгендерді Басқару Жүйесі ()
GPL - GNU General Public License

Қазіргі кездегі жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның білім беру мекемелеріндегі жеткіншек ұрпақтарды оқыту мен тәрбиелеу олардың бойында жеке тұлғалық қасиеттерінің жан-жақты қалыптасуымен тығыз байланысты. Бұл мәселе дүниежүзілік қауымдастықта әлеуметтік-экономикалық, мәдени және рухани дамудың басты факторы ретінде жариялануда.

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Жалпы оқытудың мақсаты-оқушыны дамыту. Осы мақсатқа сәйкес жас және педагогикалық психологиясында, сондай-ақ оқыту теориясында негізгі орын алған мәселе – дамыта отырып оқытуды зерттейтін бағыт. Білім беру үрдісін ақпараттандыру және жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу – тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлату бүгінгі күннің басты талабы болып саналады.

XXI ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр, компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, интерактивті құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру.

Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. XXI ғасыр- білімділер ғасыры болмақ. Жаңа кезеңге бет бұру оңай емес. Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. «Білім берудегі АКТ» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б., тіркестермен тығыз байланысты.

Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен-күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Мектептің білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстардың тиімділігі мен нәтижелілігі бірнеше оқу-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық мәселелердің шешімін ғылыми түрде негіздеуді талап етеді. Оларды бірнеше бағыттарға бөлуге болады:

- оқу үрдісінде ақпараттың технологияларды іске асырудың жүйелі ғылыми-әдістемелік жолын анықтау;
- оқушылардың тәжірибелік іс-әрекетінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың әдістемесін жасау;

- мұғалімдердің ақпараттық технологияларды меңгеру және оқу үрдісінде пайдалану бойынша кәсіби біліктерін жетілдіру;

- оқушыларды білім, білік, дағдыны меңгеру үшін ақпараттық технологияларды пайдалануға үйрету;

- мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту.

Ақпараттық –коммуникациялық технологияны (АКТ) бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты.

Ақпараттық – коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, Интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру еліміздің даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі, себебі ХХІ ғасыр – білім беру жүйесін ақпараттандыру ғасыры.

Информатика пәнінің орта білім беру жүйесіндегі ролі ақпараттық білімнің, ақпараттық орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлесімді етудегі және жаңа ақпараттық қоғамда кәсіпкерлік қызметтің басты құрамды бөлігі болып табылатын ақпараттық бейнесін қалыптастырудағы алатын орнымен қамтамасыз етіледі.

Мектеп бітірушілер компьютерлік сауаттылықты меңгеріп шығады, бірақ келешекте олар программист, инженер, жүйе администраторы болуы міндетті емес. Дегенмен кез-келген шығармашылық мамандық сізден қазіргі заманға сәйкес компьютерлік технологияларды меңгеруді талап етеді. Шығармашылық жұмыстың қорытындысы әр қашан жаңа білім, жаңа ақпарат, ал осы ақпаратты таратудың ең жеңіл әдісі – Интернетте жариялау.

Интернетте материалды жариялау тиімді болу үшін ол Web-дизайн ережелеріне сәйкес болу керек. Демек, Web-дизайн негіздерін білу кез келген мамандықта қажет болады, өйткені Web-бет дизайны – бұл ақпараттық дизайн.

1 Білім беру жүйесі және оны ақпараттандыру мәселелері

1.1 Білім беру жүйесіндегі ақпарат және оның оқушылардың белсенділігін арттырудағы ролі

Бүгінгі күнгі қоғам талаптарына байланысты демократиялық құндылықтарға көшуге қарай, Ресейде, Қазақстанда және т.б. ТМД елдерінде білім жүйесінің жаңа парадигмасына нақты бет алу байқалады: елдер білім саласында тұлғалық-бағдарлы оқытуға және ізгілендіруге көшуде және бұнда шешуші роль ақпараттандыруға берілген. Осыған орай, ақпараттандыру қазіргі білім жүйесінің басты бағыттарының бірі болып қарастырылуда және білім салада ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану түрлі дидактикалық және педагогикалық міндеттерді шешу жолында зор құрал болып отыр. Қазіргі ақпараттық әдебиеттерде ақпараттандыру білім жүйесін әдіснамалық және практикалық талдауларды, сондай-ақ оқытудың және тәрбиенің психологиялық-педагогикалық міндеттерін шешуге бағытталған қазіргі ақпараттық технологияларды тиімді қолдануды қамтамасыз ететін үрдіс есебінде қарастырылады.

Ақпараттандыру – бұл оқыту мен тәрбиенің психологиялық-педагогикалық міндеттерін жүзеге асыруда білім беру жүйесінде қазіргі ақпараттық технологияларды (ҚАТ) қолданудың теориясы және практикасымен қамтамасыз ету.

Білімді ақпараттандыру – білім жүйелерді реформалаудың барлық негізгі бағыттарын қамтитын маңызды механизмі болып табылуда. Оның басты міндеттері ақпараттық технологияның келесі артықшылықтарын тиімді қолдану болып отыр:

- әрбір индивидке өз бетімен білім алу, өзіндік даму траекториясын қамтамасыз ететін ашық білім жүйесін құру мүмкіндігі;
- таным қызметін жүйелі ойлауға нақты бағыттау арқылы оны ұйымдастыру қызметімен бірге түбірімен өзгерту;
- білімнің ақпараттық-әдістемелік қамтамасыздандырылуы нәтижесінде басқарудың тиімді жүйесін жасау;
- оқу үрдісі барысында үйренушілердің танымдық әрекеттерін тиімді ұйымдастыру;
- ақпараттық технологиялардың өзіне тән қасиеттерін қолдану, оның ішінде маңыздылары: оқу үрдісінің барлық буындарында (қажеттілік-ынта-шарт-құрал-әрекет-операция) жиынтығында әрекеттік тұрғыдан қарауды қолдайтын тану үрдісін ұйымдастыру мүмкіндігі;
- автоматтандырылған оқу бағдарламаларының бағдарламалау (программалау), серпінді бейімделуі арқылы оның тұтастығы сақтай отырып оқу үрдісін дербестендіру, мүлдем жаңа танымдық құралдарды қолдану және ұйымдастыру мүмкіндігі.

Қазіргі компьютерлік технологиялардың ерекше белгілері оның жүзеге асатын өзіне тән ортасы және онымен байланысты компоненттері болып табылады, олар:

- техникалық (қолданылатын техника түрі);
- бағдарламалық-технологиялық (жүзеге асатын оқыту технологияларын қолданудың программалық құралдары);
- әдістемелік-ұйымдастырушылық (оқушылар мен мұғалімдерге нұсқау, оқу үрдісін ұйымдастыру);
- пәннің білімдік саласы.

Қай елде болмасын қазіргі ақпараттық технологиялар қолдану мен дамыту деңгейі, материалдық базасының дамуымен қатар, ең алдымен, қоғамның интеллектуальдық деңгейімен, жаңа білімді жинақтау, меңгеру және қолдана білу қабілетімен анықталады. Барлығы сайып келгенде, елдің білім жүйесінің даму деңгейімен және білімді ақпараттандыру проблемасымен байланысты. Осыған орай, білім беруді ақпараттандыру – экономиканың, ғылымның және мәдениеттің жедел дамуын анықтайтын түйінді шарты болып табылады.

Біздің зерттеуімізде қарастырылатын бастауыш мектеп кезеңінің маңызы мен қызметі - оның үздіксіз білім беру жүйесіндегі басқа буындармен сабақтастықта болуы. Сондықтан білім берудің басты міндеттері:

- оқушының өзін қоршаған, өзі өмір сүретін жаңа әлеуметтік ортаға үйренуі, онда жаңа әлеуметтік мәртебе - оқушы мәртебесінің қалыптасуы;
- оқу, ойын, еңбек, қарым-қатынас, т.б. әрекет түрлерін қажетті деңгейде меңгеруі;
- айналадағы дүниемен дара тұлғалық қатынасының қалыптасып, эстетикалық, этикалық, адамгершілік негіздерін меңгеруін қамтамасыз ету.

Бастауыш сатыдағы білім мазмұнын жаңарту біліми кеңістікті оқушыға жеке тұлғалық тұрғыдан ұйымдастыруды қамтамасыз ететін деңгейдегі өзгертумен қатар, оқу пәндерінің кіріктірілуінің басымдылығына берілетін білім мазмұнының да өзгерісін қажет етеді.

Жалпы орта білім беретін мектептерді жаңарту құжаттарындағы басты мақсат - бұл баланың оқытудың бірінші кезеңінен бастап қоршаған адамдармен, тұтас әлеммен, өз-өзімен қарым-қатынаста субъект ретінде дамуы. Бұл мақсаттың практика жүзінде жүзеге асуы біліми үрдісті ұйымдастырудың әдістері мен формаларын өзгертуді, әрекеттік тұрғыдағы және тұлғалық-бағдарланған оқытудың жүзеге асуын, ақпараттық технологияларды кеңінен қолдануды және соған сәйкесті негізделген педагогикалық технологияның, онымен жұмыс істеуге қажетті мұғалімдердің дайындығын талап етеді.

И.С.Якиманскаяның ұсынған «тұлғалық-бағдарлы оқыту» ұғымын А.А.Леонтьев үш негізгі тезисте қарастырады: мектеп «бәріне бірдей мектеп», мектеп «әрбір адам үшін мектеп», мектепте болған кез оқушыға жағымды да жайлы болу керек. Автордың тұжырымдауынша, басты міндет - оқушыны, оның ойлауын дамыту ғана емес, ең алдымен, тұлға ретінде тұтастық дамуын және келесі дамуға, яғни мектеп қабырғасынан тыс дамуға дайындау. Сонымен

катар бұндай мектепте оқыту бастапқыдан-ақ дамытушы мазмұнда болуы тиіс. Ал бұл әрбір оқушының өзін, жеке қабілеттерін, ынталарын, әлеуметтік бағдарларын, өз тұлғалық бағыттылықтарын толықтай жүзеге асыруы үшін жағдай жасау қажеттігін дәлелдей түседі.

Бүгінгі білім беруді жаңарту жағдайындағы орын алып отырған басты бағыттарды ескере отырып, білім берудің өзіне тән сипатын былайша көрсетуге болады. (1-сурет)



1-сурет. Білім беруді жаңарту жағдайындағы білім берудің өзіне тән сипаты

Біздің зерттеуіміздің басты әдіснамалық негізі болып тұлғалық- бағдарлы оқыту тұжырымдамасы, біліми үрдістің барлық компоненттерін ізгілендіру идеясы болып табылады.

Білімді ізгілендіруді шешу проблемасы оқушылардың белсенді шығармашылық мүмкіндіктерін, оның интеллектуальдық және адамгершілік бостандығын дамытуға көмектесетін жағдай жасақтаумен байланысты. Ал бұл өзгерістер мәдениеттану, аксиологиялық, тұлғалық-әрекеттік, полисубъектілік (диалогтік) және жеке шығармашылық тұрғысынан қарастыру негізінде жүзеге асады.

Мәдениеттану тұрғысындағы бағыт білімнің тұлғалық-бағдарлы парадигмасы негізінде дамиды және біліми үрдіс оқушының қоршаған әлем мен ақпараттық іс-әрекетте толық мәнді тіршілігін қамтамасыз ететін мәдениетті оқушы тұлғасының қалыптасуына, оқушыны жалпы және ақпараттық мәдениетті таратушы ретінде қалыптастырумен сипатталады.

Аксиологиялық тұрғыдан қарастыру білімді оқушының қоршаған әлемге, өз әрекетіне, адам ретіндегі өзіне деген көзқарасын анықтайтын жалпы адами құндылықтар жүйесін қалыптастыруға бағыттайды. Адамның құндылық қатынасы оның психологиялық жағдайын, қанағаттанғандығын және өмірінің толықтығын, оның мәнін анықтаса, ал құндылық жүйесі тәртібі мен әрекетін, ынталық қажеттілік саласын, бағыттылығын, оларды өз әрекетінде басшылыққа алу дайындығымен анықталады.

Тұлғалық-әрекеттік тұрғыдан қарастыру білім мақсатына сәйкес қажетті білім, білік және дағды жүйесін меңгертуден оқушының жеке тұлғалық әлеуетін дамытуға бағыттайды. Тұлғалық-әрекеттік бағыт оқушының оқу үрдісінде, кәсібінде өз өмірлік әрекеті мен жеке мүддесін жүзеге асыратын белсенді субъект ретінде қалыптасуымен сипатталады. Сондықтан да біздіңше, тұлғалық-әрекеттік тұрғыдан бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық сауаттылықтарын қалыптастырудың негізгі шарты болып табылатындар:

- өз әрекетінің ынтасын, мақсатын, құралдары мен жағдайларын өз бетімен анықтауға және сезінуге жағдай жасайтын оқу-тәрбие үрдісінде оқушының субъектілік ұстанымын қамтамасыз ету;

- олардың тұтас субъектілік тәжірибесінің өзектенуі мен түрленуін талап ететін оқу проблемаларының оқушылардың өмірлік маңызды проблемаларына ауысуы;

- оқушыларға тапсырмалар мен оларды орындау тәсілдерін, формаларын таңдауға мүмкіндік беру;

- қабілетті балаларға мүмкіндік деңгейлердегі тапсырмалар бойынша жұмыс ұйымдастыру;

- жоба әдісі негізінде оқушыларды зерттеу жұмыстарына баулу;

- мұғалім мен оқушының арасындағы ашық қарым-қатынас, сенімділік, диалог негізінде оқушылардың шығармашылық әлеуетінің өзіндік ашылуы мен өзін-өзі жүзеге асыруға жағдай жасау.

Жеке шығармашылық тұрғыдан жүзеге асыру оқушылардың өзін-өзі дамыту мен тұлғалық даму механизмін іске қоса отырып, ақпараттық сауаттылық қалыптастыру үрдісінде оның ынтасын және серпінділігін есепке алуды болжайды. Бұл бағыт оқу үрдісін ұйымдастыруда әрбір оқушының жеке ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін анықтауды, осыған сәйкес оқыту әдістері мен формаларын таңдап, оларды оқушылармен педагогикалық өзара әрекет үрдісінде ескеруді талап етеді. Екінші жағынан, жеке тұлғалық бағыт оқушының ерекшелігін, жеке тұлғалық бірегейлігін, тұтас психикасының қайталанбайтын өзіндігін қабылдауға бағыттайды. Бұл аспектіде түсінілетін жеке тұрғыдағы бағыт педагогикалық үрдістің оқушылардың тұлғалық дамуына жеке тұлға ретінде бағытталуын: өзінің «Мендігінің», өз мақсаттары құндылығын, мәнділігін сезініп, олардың көрініс табуына жағдай жасау; өзінің жеке тұлғасына сәйкес оқу және кәсіби іс-әрекеттерді таңдау және т.б.

Теориялық-әдіснамалық тұрғыдағы бағыттар практикалық педагогикалық үрдісті жобалаудың және оны жүзеге асырудың негізі болып табылады. Теориялық мағлұматтарды практикамен байланыстыратын өзіндік көпір - бұл

оқыту қағидалары. Олар оқу үрдісінде мектептің алдында тұрған оқу мақсаттары мен міндеттеріне жетуді, мұғалімге қандай нормативті ережелерді басшылыққа алу қажеттігін анықтайды.

Оқытудың ақпараттық технологияларына қатысты әдебиеттерде «ақпараттық технология» ұғымына мәндес «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялар» (ОЖАТ), «оқытудың қазіргі ақпараттық технологиясы» (ОҚАТ), «компьютерлік оқыту технологиясы», «ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «электронды-коммуникативті жүйелер, құралдар және оқыту технологиясы (ЭКЖҚОТ)» және т.б. терминдік сөз тіркестері кездеседі. Алайда бұл аталған терминдер күні бүгінге дейін педагогикалық әдебиеттерде және практикада толық ашылып, нақты анықталған жоқ. Бірақта олар мазмұндық жағынан Н.Александров, В.Н.Апатова, Н.М.Бойко, В.Гузеев, А.А.Кузнецов, В.А.Латышев, Д.Ш.Матрос, В.М.Монахов, В.В.Попов, Т.А.Сергеева, А.В.Соловьев, Е.К.Хеннер сияқты белгілі ғалымдардың еңбектерінде талданған.

Кейбір ғалымдар шатастыруларды болдырмас үшін тек «оқытудың ақпараттық технологиясы» (ОАТ) сөзтіркесін ғана қолдануды ұсынады. Бұнда ол оқытуда компьютерлерді және аудиовизуальды құралдарды, дидактикалық материалдарды жаңа педагогикалық тиімділікті меңгеруге бағыттап (оқыту мерзімін қысқарту; оқу-тәрбие үрдісін жеделдете отырып, жеке тұлғаға бағыттау; оқу-танымдық іс-әрекетті белсендіру; оқушылардың интеллектуальдык қабілеттерін дамыту және пәнді терең түсінулеріне қол жеткізу) қолдану есебінде қарастырылады.

Біздің пікірімізше, бүгінгі ғылым мен техниканың жетістіктері, қоғамды жаппай ақпараттандыру бізге XX ғасырдың 50-60-шы жылдарында қолданылған «ақпараттық технология» терминін бүгінгі XXI ғасырда, яғни ақпараттандыру мен коммуникация ғасырында бірдей деңгейде қарастыруға жол бермейді. Сондықтан да біздіңше, қазіргі ақпараттық қоғамның ғылым мен техника саласындағы соңғы жетістіктерін негізге алатын және олардың жаңарып, жетілдіріліп отырылуын ескеретін «оқытудың қазіргі ақпараттық технологиясы» (ОҚАТ) терминін қолдану тиімді.

«Оқытудың қазіргі ақпараттық технологиясы» (ОҚАТ) - жаңа педагогикалық нәтижеге жету мақсатында компьютерлерді ақпараттық технологияның құрамдас бөлігі ретінде оқытуда қазіргі ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану.

«Бастауыш мектепті ақпараттандыру» деп бастауыш мектеп оқушыларын оқыту, тәрбиелеу, дамыту және олардың ақпараттық сауаттылықтарын қалыптастыру, сонымен қатар біліми үрдісті басқару мен мұғалімнің кәсіби іс-әрекетін қамтамасыз ету құралы есебінде оқу үрдісінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдануды түсінеміз.

Білім беруді ақпараттандыруды дәстүрлі әдістемеден ерекшелейтін басты белгі – бұл білім мазмұнына, оқытудың құралдарына, әдістеріне және формаларына, оқыту мақсатындағы электронды өнімдерді жасақтауға, қазіргі үйретуші және үйренушілер іс-әрекетіне деген басқаша амал-әрекетті талап

етеді. Сонымен қатар міндетті шарт болып педагогтың оқытудың қазіргі акпараттық технологиялар (ОҚАТ) саласынан белгілі деңгейде білімдер мен іскерліктерді және акпараттық мәдениеттіліктерді (медиамәдениеттілікті) меңгеруі болып табылады. Сол себепті де бүгінгі күні акпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану ұлттық білім жүйесінің бәсекелестік қабілеттерін дамыту мен оны әлемдік білім ортасына кіріктіру үшін шешуші мәнге ие.

Қазіргі акпараттық технологияларды бастауыш әдістемесінде қолдану және соған сәйкесті информатиканың бастапқы курсына оқытуға қатысты зерттеулерге талдау жасау, бізге оны зерттеген авторлар мен зерттеу жұмысының негізгі бағыты, яғни зерттелу деңгейі туралы келесі мазмұнда көрсетуге мүмкіндік берді.

Білім беруді акпараттандыру дамуының жаңа кезеңінің ерекшелігі-бұл проблеманың инструментальдық емес, мазмұндық аспектілерінің басымдылығында және олардың шешілуінен білім сапалығы, оның әлеуметтік мәнділігінің орны анықталады.

Психологтардың зерттеулеріне сүйенсек, ойлау стилі бастауыш сыныптан-ақ оқушыларда жете қалыптаса бастайды. Осыған сәйкес бастауыш мектеп бағдарламасында оқушылардың ойлауын дамытуға ықпал ететін іргелі математикалық ұғымдардың орын алуын түсіндіре аламыз. Оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруда базалық негіз болатын информатиканың негізгі ұғымдарының бастауышта орын алуын да осы себеппен байланыстыра аламыз. Информатиканың негізгі ұғымдарын оқытуды ерте бастау қажеттілігін сонымен бірге оқушылар оқу кезеңінің бастапқы сатысында информатиканың әдістерін меңгере отырып, мектептегі кейінгі оқу сатыларында қазіргі акпараттық технологияларды адамзат іс-әрекетінің түрлі салаларында қолдана білудің қажетті дағдыларын игеріп үлгеруге мүмкіндік берумен түсіндіре аламыз.

Қазіргі таңда оқушы- акпаратпен қаруланған, жан-жақты дамыған тұлға. Оның білімдік қабілеттерін дамыту үшін біздер, мұғалімдер жан-жақты қаруланған болуымыз керек.

«Балаға білім бергенде, алыстан жақынға, таныстан жатқа көшіп, жаңа білімді ескі білімге байлап беру керек»-деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, оқыту процесіне жаңа көзқараспен қарау керек.

Сол себептен жаңа технологияларды енгізу арқылы, оқу процесінің деңгейі көтеріледі, қазіргі заман талабына сай дамыған тұлға тәрбиеленеді.

Жылдан-жылға білім беру ісі ерекше қолға алынып отыр. Мектептерде жаңа бағдарламалар, технологиялар пайдаланылып жүр.

Қазіргі заманда білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды элементтерінің біріне айналды. Дүние жүзінде білімнің әлеуметтік рөлі артты. Адамның болашағы, оның қазіргі алған білімнің сапасына, көлеміне, ойлау деңгейіне байланысты. Жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейіндегі, білік негіздерден меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру -жалпы білім беру

жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі. Жүздеген жылдар бойы қалыптасқан ескі жүйені бұзу үшін оқытуды жаңаша ұйымдастыру қажет.

Ол мына міндеттерді қамтуы тиіс:

- а) Оқушыларды оқу үрдісін басқаруға қатыстыру;
- б) Ұжымдық іс- әрекетті ортақ қарым- қатыныс құралы ету;
- в) Деңгейіне қарап саралып, ерекшелігіне қарап даралап оқыту.

Міне, осы міндеттерді қамтитын «дамыта оқыту» жүйесі даму заңдылықтарын ескере отырып, теориялық ойлауға бағытталған жақын даму аймағында оқытады. Нақ осы мәселелерді жүзеге асыруға бағытталған оқыту технологияларының көпшілігі ұжымдық ой қызметі негізінде баланы өз іс- әрекетінің субъектісі етуге ұмтылдырады, мақсатты оқу іс- әрекеті барысында нақты оқу міндеттерін шеше отырып даму педагогикалық ықпалдың алдын алатын іс- әрекеттік оқыту тәсілі арқылы балада ақпараттық және жалпы біліммен қатар амалдар мен құндылықтар жиынтығын қалыптастырады.

Ол үшін сабақты мұғалім қызықты, тартымды өткізуі керек.

Сабақ- өте күрделі, сан қырлы.Әрбір сабаққа қойылатын басты талап:

- оқушының білімге деген қызығушылығын арттыру;
- сабақтың әдіс-тәсілдерін түрлендіру;
- ақпараттық технологияны тиімді пайдалану, оқушылар сезіміне әсерін білу;
- балалармен ынтымақтастықта болу;
- сабақтың өмірмен байланысын нығайту;
- мұғалімнің сабақтағы жаңашылдық, шығармашылық әрекеті.

Әр мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық. Яғни, жаңа ақпараттық технологиялар - білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудағы негізгі құрал компьютер және интерактивті тақта болып табылады.

Интерактивті тақта - білім беру ісіндегі бұрын шешімін таппай келген жаңа, тың дидактикалық мүмкіндіктерді шешуге мүмкіндік беретін аса маңызды құрал. Қазіргі уақытта білім беруде интерактивті құралдарды кеңінен қолданылып жүргені баршамызға аян. Сонымен қатар интерактивті құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр.

Білім берудегі интерактивті технология - мұндағы интерактивті сөзі- inter (бірлесу), act (әрекет жасау) ұғымын білдіреді, сабақ барысында оқушының топпен жұмыс жасауға,оқушының сабаққа қатыспауы мүмкін емес, бірін-бір толықтыратын, сабақ барысында барлық оқушылардың қатысуын ұйымдастыратын оқыту барысы Енді төмендегі көрсетілген кестеге назар аударсақ интерактивті тақтаның білім беру процесінде үлкен мүмкіншіліктерге ие екенінін байқауға болады.

Интерактивті тақта – оқытушыға оқыту үрдісін онтайландыруға,білім алушының танымдық белсенділігін дамытып,мазмұнды және көрнекі

тапсырмалар құруға, сабақты құрылымдауға, сабақ барысы мен қарқынын жақсартуға мүмкіндік беретін жаңа ақпараттық технологиялық құрал екеніне көз жеткіземіз.

Интерактивті құралдарды сабаққа пайдаланғанда дидактикалық бірнеше мәселелерді шешуге көмектеседі. Атап айтар болсақ:

- Пән бойынша базалық білімді меңгеру;
- Алған білімді жүйелеу;
- Өзін - өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру;
- Жалпы оқуға деген ынтасын арттыру.

Қытайдың бір накыл сөзіне көңіл аударсақ: «Маған айтшы – мен ұмытып қаламын; маған көрсетші – менің есімде қалады; өзіме істетші – мен сонда түсінемін» делінген.

Яғни, оқушылардың көпшілігі естігенінің 5 % және көргенін 20 % есте сақтайтыны белгілі. Аудио және видеоақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50% дейін арттырады.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі - оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Қазіргі таңда да елімізде білім беру жүйесінде жанашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру еніп, көкейкесті мәселе ретінде күн тәртібінен түспей отырғандығы мәлім.

Оқу үрдісінде компьютер оқып-үйрену нысаны ретінде, сонымен бірге оқыту, тәрбиелеу, дамыту мен оқытудың мазмұнын меңгеруді диагностикалау құралы ретінде әрекет етеді. Мұның өзі ақпараттық технологияларды пайдаланудың екі бағыты бар екендігін анықтауға мүмкіндік береді.

Бірінші бағыт тұрғысынан алып қарасақ, ақпараттық технологиялар білім, білік, дағдыны игеру үшін қажетті ресурс болып табылып, оқушылардың саналы тәрбие, сапалы білім алуына жағдай жасайды.

Екінші бағыт тұрғысында ақпараттық технологиялар оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру тиімділігін арттырудың қуатты құралы болып табылады.

Бүгінгі таңда мектептің білім беру жүйесін ақпараттандыру жағдайында өзіндік қайшылықтардың да орын алып отырғанын айту қажет. Мәселен, мектептерде әлі де болса компьютерлердің саны жеткіліксіз, барлық пән мұғалімдерінің бағдарламашылармен тікелей жұмыс істеу мүмкіншілігі шектеулі, автоматтандырылған оқыту бағдарламаларының саны аз, оларды көбейту мәселесі нақты шешімін таппаған, ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы информатикадан басқа пән сабақтары өткізілмейді десе де болады.

Сондықтан білім беруді жаңа сатыға көтеру үшін тек білім мазмұны мен оқыту әдістерін ғана емес, ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалану арқылы оқытуды ұйымдастыру формаларын да жетілдіру керек. Мұның өзі мынадай оқу-тәрбие міндеттерін шешуге көмектеседі:

- оқу үрдісін дербестендіру. Мәселен, компьютер оқытуды нақты бір авторлық бағдарлама бойынша жүзеге асыруға мүмкіндік береді;

- нақты әрекетке негізделген кері байланысты қамтамасыз етеді. Мәселен, компьютер арқылы әрбір оқушы өзінің білімін бақылауға, тексеруге және бағалауға мүмкіндік алады;

- материалды меңгеру жылдамдығын арттыруға болады.

Ғылыми педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді және мектеп тәжірибесін оқып-үйрену мен талдау негізінде ақпараттық технологияларды мектептің оқу үрдісіне енгізу үшін кешенді ақпараттық білім беру жүйесін құру қажеттілігі туындады. Бұл жүйенің негізін ақпараттық технологиялар құрайды. Енді оқытудың ақпараттық технологияларының мәнін ашып көрсетейік.

Компьютерлік және ақпараттық сауаттылық. Компьютерлік сауаттылыққа электронды есептеуіш техникасымен жұмыс істеу білігін жатқызуға болады. Ақпараттық сауаттылық ақпаратты алудың, қайта жасаудың, жеткізудің, сақтаудың және пайдаланудың негізгі ережелерін білуді көздейді.

Оқу үрдісінде компьютерді пайдалану оқушылардың өзіндік жұмыстарын ақпараттық-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге де елеулі өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді, мұндай жаңашыл өзгерісті оқулықтардан бастауға болады. Мұнда дәстүрлі баспа оқулықтарымен қатар оқу үрдісінде электронды оқулықтарды пайдалану көзделеді.

Электронды оқулықтың автоматтандырылған оқу үрдісі ашық дамитын әдістемелік жүйе екендігі белгілі. Сонымен бірге электронды оқулық оқу ақпаратын тасымалдаудың жаңа құралы болып табылады. Онда оқу ақпараты толық мазмұндалып, әр түрлі қосымшалар, анықтамалық материалдар, бақылау тапсырмалары, ұсынылатын әдебиеттер тізімі және тақырыптық ресурстарға сілтемелер беріледі.

Электронды оқулықтың жетістіктері мыналар болып табылады:

- шұғыл кері байланысты қамтамасыз етеді;

- дәстүрлі оқулықта көп іздеуді қажет ететін тиісті ақпаратты тез табуға көмектеседі;

- гипермәтінді түсіндірмелерді бірнеше рет қарап шығу барысында уақытты анағұрлым үнемдеуге мүмкіндік береді;

- қысқа мәтіндермен қатар көрсетеді, әңгімелейді, жобалайды, т.с.с. (мультимедиа-технологияның мүмкіндігі мен артықшылығы тура осы жерде көрінеді);

- әрбір студентке дербестік тұрғыдан қатынас жасауға мүмкіндік беріп, олардың өз бетінше білім алуын қамтамасыз етеді;

- белгілі бір бөлім бойынша білімді тексеруге мүмкіндік туады.

Моделдеу. Моделдеу идеясы оқыту үрдісінде жаңа мүмкіндіктер береді. Атап айтқанда, оқу үрдісінде компьютерлік моделдеуді қолдану ойға негізделген болжамдарды тексеруге, сонымен қатар оқушының қоршаған ортамен байланысын анықтап, адамзат санасын жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді, компьютерлік графика адамның айтар ойын белгілі бір графикалық жүйеге келтіріп, адамның шығармашылық болжамын шынға көмектеседі. Бұл моделдеу әдістемесі оқу бағдарламасының сапасын бағалау жолымен

оқушылардың шығармашылық қасиеттерін және ғылыми зердесін дамытудың құралы болып табылады.

Компьютер акпаратпен жұмыс істейді, нысандық жағдайлар жөніндегі мәліметтер модел ретінде оның сөздік, сандық "сипаттамасы" қаралады. Сондықтан да акпараттық моделді күрделі жүйе акпаратының көзі ретінде қарауға болады.

Компьютерлік оқыту бағдарламалары. Олар интерактивті тәртіппен компьютер арқылы қандай да болсын пәнді оқып-үйренуді көздейтін бағдарламалар болып табылады. Бұл бағдарламаларда теориялық материал мен блоктар болады, олар оқушылардың берілген білім көлемін меңгеруінің сапасын анықтауға мүмкіндік береді.

Бастауыш мектептерде компьютерлік технологияны қолданудың негізгі жолдарына баға бере отырып, "Жас балаларға компьютердің қанша қажеті бар?" деген сұрақты айналып өту еш мүмкін емес.

Осы мәселе бойынша пікірлер алуан түрлі. Бірқатар педагогтер кіші сыныптардағы компьютер тек балалардың назарын басқаға аударады деп санайды. Ал екіншілері компьютерді тұрақты пайдалану бара-бара оқушылардың, егер компьютер қастарында болмаса, екі санды қоса алмайтын, қарапайым мәтінді оқи алмайтын жағдайға жеткізеді деп негізі бар қауіп білдіреді. Компьютер мектептегі лингафон кабинеттері немесе сыныптағы теледидар сияқты дүниелер, сондықтан да білім беру мен оқу үрдісіне айтарлықтай зияны жоқ деген пікірлер де бар. Компьютерлерді мектептің оқыту мазмұнына енгізуге қарсы салмақты аргументтің бірі - акпараттық технологияның екпіндеп дамуы мектеп бағдарламасының үнемі жаңартылып отырғанына қарамастан, оның созылмалы аурудай артта қалуына әкеп соқтырады деп санайды.

Мына бір қауіп пен алаңдаушылыққа да назар аударған жөн: тек компьютермен қарым-қатынаста болған балалар гуманитарлық қызмет түрлеріне аса қажет сезімталдық пен мейірбандылықты жоғалтып алып, дәлдік пен қырағылыққа ғана құрылған қарым-қатынасқа бас ұрулары әбден мүмкін.

Біз мектептің акпараттық ғасырға бейімделуден басқа жолы жоқ, ал есептегіш техникалармен танысу соның бір ғана бөлігі деушілерге толық қосыламыз. А.Ершова және басқа авторлардың еңбектерінде көрсетілгеніндей, информатиканың мынадай: процедура, функция, рекурсия, тармақталу, цикл, мәліметтер құрылымы деген сияқты негізгі ұғымдарды меңгеруі операциялық деп аталатын қазіргі ойлау стилін қалыптастыруға ықпал етеді. Осының өзі-ақ оқу пәні ретінде информатиканы мектепке енгізудің алғышарттарын жасады. Сонымен қатар, оқытылатындардың жас кезеңі жөніндегі мәселелер де көтерілді.

Ойлау стилі балаларда кіші сыныптарда басталатыны белгілі. Бұл балалардың ойлау қабілетіне ықпал ететін іргелі бірқатар математикалық ұғымдарды бастауыш мектепте меңгертумен түсіндіріледі. Базалық сапа ретінде қарастырылуы тиіс оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруды сөз етсек, информатиканың негізгі ұғымдарының

артықшылығына тағы да көз жеткіземіз. Информатиканың негізгі ұғымдарын ерте бастан оқытудың қажеттігін мынадан-ақ көруге болады: білім берудің алғашқы кезеңінде информатиканың әдістерін меңгерген оқушы мектептің қалған сатыларындағы білім алуда (атап айтқанда, түрлі пәндердегі сабақтарда) адам қызметінің түрлі салаларында компьютерді пайдалану дағдысын меңгереді.

С.Пейперт, Ю.Первиннің еңбектеріндегі "информатика курсы" түсінігі аясында "Информатика" деп аталатын пән жайында емес, мектептің барлық пәндеріне кіріп кеткен информатика ұғымдары мен тұжырымды құрылымдары, әдіс-тәсілдері жайында айтылатындығын байқау қиынға соқпайды. Ю.Первин және оның әріптестерінің жеткіншектерге ерте жастан информатикадан дәріс беру жөніндегі тұжырымдарын қорыта келіп, мынадай пайымдаулар жасауға болады.

Біріншіден, жалпы білім берудің информатиканы оқытудағы басты мақсаты ойлаудың операциялық стилін қалыптастыру болса, ол орындалды.

Екіншіден, бастауыш мектепте информатика курсын өткізу көптеген пәндер бойынша мектептің оқу бағдарламасын айтарлықтай өзгертуге алып келеді. Бұл жерде мынаны ұққан жөн: "информатика" мектеп пәндерінің бірде-бірін алмастыра, мектеп пәндері жалпы жүйесіндегі оқулықтарының бірде-біреуінің рөлін атқара, мектептегі гуманитарлық және жаратылыстану пәндерінің ара қатынасын қайта бөліске сала алмайды. Ол тек қана мектепте оқытылатын әрбір пәнге жаңа, әрі жетілдірілген сипат беріп, мұғалімнің қолына кілт ұстатады. Осы кілтті дұрыс пайдалана білген мұғалім оқушыларының алдында өз пәнінің мәнін терең әрі тиімді түрде аша түседі.

Информатиканы ерте жастан оқытудың мүмкіндігі мен мақсаткерлігі әлемдік эксперимент, зерттеу нәтижелерімен де нақтылана түседі. Осыны назарға алған В.Буциктің зерттеулерінде ерте жас кезеңіндегі оқушыларға компьютерлік сауаттың алғашқы элементтерін беріп қана қою жеткіліксіз, оларға компьютер негізінен бастауыш білім және түбірлі түсініктер, іс-әрекет әдіс-тәсілдері жөнінде нақты сауат беру жайы айтылады. Атап айтқанда, В.Буцик кіші мектеп жасындағыларға бастауыш компьютерлік сауат берудің мынадай әдістемесін ұсынады: бірінші және төртінші сынып аралығында сызбалық және мәтіндік редакторлардың көмектері арқылы орындалатын тапсырмаларды біртіндеп күрделендіріп беру, яғни, ақпаратты өңдеу (компьютер сурет салады, есептейді, жазады); ақпаратты сақтау (компьютер суретті, сандарды, мәтінді есте ұстайды); ақпаратты беру (адамнан компьютерге, компьютерден адамға) салаларынан компьютердің мүмкіндіктері жөнінде түсінік пен сауат қалыптастыру.

Сонымен қатар Е.Смирнов та өзінің тұжырымдамасына мынадай негіздерді енгізе отырып, әдістемелік жүйе ұсынады.

Бастауыш сыныптарда компьютерді қолданудағы басты мақсат дүниетанымдық және жалпы мәденилік сипатта болуы, баланың тулғасы мен ойлауын дамытуға бағытталуы тиіс.

Оқытудың мазмұны мен әдістемесі оқушылардың теориялық ойлауын дамытуы қажет. Дәстүрлік әдістеме эмпирикалық ойлауды ғана дамытуға бағытталған.


Оқыту үрдісі өзара байланысты және бірін-бірі толықтыратын компьютердің екі қызметін: өлшеу аспабы және пәндік әлемге ықпал етуші пәндік әлемнің белсенді элементі ретінде пәндік және компьютерлік әлем жөніндегі білім қалыптастыруды үйлестіруі қажет.

Е.Смирнов пікірінің В.Буцик пайымынан айырмашылығы мынаны аңдатады: "информатика" шеңбері аясында барлық пәндерді оқыта отырып, соңында информатиканы белек курс ретінде бөліп алу қажеттігін дәлелдейді. Тәжірибелік тұрғыдан Қарағанда, кіші мектеп жасындағыларға түрлі пәндерді оқытуда компьютерді оқыту құралы ретінде қосалқы көмек үшін қолданудың мүмкіндіктері қарастырылғаны жөн.

Қазіргі уақытта кіші мектеп жасындағыларды оқыту үшін компьютерді пайдалану жөнінде бірнеше бағытты айтуға болады:

- информатика элементтерін оқыту;
- нақты пәнді оқытуда әдістемелік жүйені түбегейлі өзгеріске ұшыратуға соқтырмай, ЭЕМ-сын бесаспап оқу құралы ретінде пайдалану;
- кіші мектеп жасындағыларда компьютерлік сауаттың жекелеме элементтерін ғана емес, информатиканың бастауыш білімін, іс-әрекетіндегі әдіс-тәсілдері жөніндегі негізгі түсініктерді қалыптастыру (компьютер құрал емес, оқытылу арқылы меңгерілетін пән).

ОҚАТ қолдануға негізделген қазіргі біліми парадигма өз бетімен дамып, өз-өзін тежей алатын шығармашыл, жан- жақты біліммен, мәнді қызығушылықпен және стандартты емес жағдаяттарда жауапты шешім қабылдай алатын үздіксіз дамыған ақпараттық қоғамда өз орнын таба білетін жеке тұлға түріндегі нәтижеге бағдарланғандығында. Сол себепі де ОҚАТ негізделген оқу үрдісін бастауыш сыныптан бастап қолдану өз нәтижесін беретіні сөзсіз. Бұған қоса бүгінгі күнгі практикаға және өз тәжірибемізге сүйене отырып, бүгінгі білім беруді жаңарту жағдайында бастауыш сынып оқушыларына берер басты тиімділігін келесі сұлбадан көре аламыз. (2-сурет)



2-сурет. Мектепте қазіргі ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігі

1.2 Білім беруді ақпараттандыру мәселелері

Ақпараттандыру блогын іске асырудың негізгі бағыттары:

- АКТ-ны оқу процесіне енгізу жөніндегі нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;

- Компьютер техникасымен қамтамасыз етілудің әлемдік көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін орта білім беру ұйымдарын одан әрі компьютерлендіру; орта білім беру ұйымдарын Интернет желісіне қосу;

- Білім берудің барлық деңгейлерінде қашықтықтан оқыту технологияларын әзірлеу және енгізу;

- Өңірлерде білім беру ақпараттық ресурстар орталықтарын және министрліктің білім беру порталын құру;

- Орта білім беру ұйымдарын білім беру бағдарламаларына сәйкес электрондық оқулық басылымдарымен қамтамасыз ету; мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасы негізінде порталды және өңірлердің ресурстар орталықтарын біріктіру;

- Білім беру ұйымдарының мониторинг, талдау және басқару ақпараттық жүйесін енгізу.

Аталған бағыттарды іске асыру оқу процесіне ақпараттық коммуникациялық технологияларды енгізу және білім беру жай-күйінің мониторингі мен оны талдаудың дәйекті деректері негізінде басқарушылық шешімдер қабылдау есебінен білім беру сапасының деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесін ақпараттандырудың Мемлекеттік бағдарламаларының негізгі міндеттерінің бірі ретінде

мамандардың осы сала бойынша біліктілігін көтеру және қайта даярлау қарастырылған.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие процесіне пайдалану оның келесі педагогикалық мүмкіндіктерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

- оқушының дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалды меңгертуге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту процесіне жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану;

- оқытудың жаңа әдістері мен формаларын (проблемалық, ұйымдастырушылық - іс-әрекеттік компьютерлік ойындар және т.б.);

- проблемалық, зерттеу, аналитикалық және модельдеу әдістерін қолдану арқылы классикалық әдістерді жетілдіру;

- жаңа ақпараттық технология құралдарын (жаңа типті компьютерлер, телекоммуникация, виртуалды орта және мультимедиа-технология) пайдалану арқылы оқу процесінің материалдық-техникалық базасын жетілдіру.

Мамандардың біліктілігін көтеру міндеттерін шешуде оқу процесінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдаланудың келесі мүмкіндіктері ұсынылады:

- ақпараттық мәдениет элементтерін қалыптастыруда білім мекемелерінің мамандарының қажеттілігін қанағаттандыру: информатика, ақпараттық және желілік технологиялар саласы бойынша жаңа білімдер алу;

- информатика мұғалімдерінің біліктілігін көтеру және қайта даярлау;

- білім беру жүйесін басқару мамандарын және пән мұғалімдерін жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне еркін пайдалана білуге үйрету;

- информатика пәнін оқытудың көкейкесті мәселелері бойынша информатика мұғалімдері үшін білім жетілдіру курстарын ұйымдастыру және оны өткізу;

- қашықтықтан оқыту формаларына мұғалімдердің қызметін бағыттау;

- облыстағы білім беру мекемелерін ақпараттандырудың ғылыми-әдістемелік бағыт бойынша жетекшілік ету;

- облыстың біртұтас білімдік желісінің ақпараттық ресурстарын қалыптастыру;

- оқу процесі мен ғылыми-әдістемелік жұмыстарға жаңа ақпараттық технологияны қолдану негізінде олардың озық тәжірибелерін тарату.

Педагог мамандарды ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде дайындауда келесі қағидалар негізге алынған:

- вариативтілік — әрбір білім беру қызметкерлерінің жасақтаған материалдарына сәйкес біліктілікті көтеру жүйесін бағыттайды;

- болашаққа негізделген — күтілетін нәтижені анықтайтын кезеңдік бағдарламалардың бағытын орнықтырады және жеке тұлғаға бағытталған курстың жалпылама мақсатын анықтайды;

- рефлексивті-креативті — жана ақпараттық технологияларды меңгерту білімдерін ұйымдастыруда курстың бағыты даралық-шығармашылық негізге бағытталуы қажет;

- эргономикалық — нақты мәселелерді үйренуге қажетті уақыт мөлшері талап етіледі;

- ізгіліктілік — бейімделген оқыту жүйесін құруды талап етеді, біліктілікті көтеру жүйесінің құрылымы мен нақтылы нәтижесін анықтау;

- тәжірибеге бағытталған — оқыту көздерінің бірі ретінде оқытушылардың тәжірибесі қолдану идеясы жүзеге асырылады және нақты іс-әрекеттер бойынша тыңдаушылардың танымдық процестерінің өзара байланыстылығы мен олардың жеке тұлға ретінде қалыптасу деңгейі анықталады;

- жекелеген кеңес беру - тыңдаушыларға кеңес беру ұсынылады. Ол мына бағытта жүргізіледі: әрбір тыңдаушының өзіндік ерекшелігін ескере отырып қойылған нәтижелерге жетуге байланысты игерілетін мәселелердің мазмұны мен оған қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер.

Оқу процесінде пайдаланылатын мультимедиялық үйретуші бағдарламалардың, тексеру бағдарламаларының, электрондық оқулықтардың өскелең өмір талаптарына сай дайындалып, компьютерді оқыту құралы ретінде пайдалана алатындай деңгейде болуы керек. Бұл мәселе өз алдына үлкен ғылыми ізденістерді талап ететін мәселе, сондықтан осы мәселе жөніндегі зерттеулер одан әрі жалғасуда.

Қазіргі кезде маманның кәсіби құзырлылығының жоғары оқу орны кезеңінде қалыптасуын зерттеуге қызығушылық артып отыр.

Оқыту технологиясы ЮНЕСКО құжаттарында білім беру формаларын оңтайландыру деп белгіленеді де, білімді меңгеру мен оқытудың толық үрдісін анықтау және қолданудың жүйелік әдісі ретінде қарастырылады.

Бұл түсінікті білім беру тұжырымдамаларын, білім беру мақсатын, әдістемесін, мұғалімді, оқушыны, оқу ғимаратын, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды, бағдарламаларды, оқытудың техникалық орталарын, қаржыландыруды қамтитын жүйе ретінде кеңінен қарастыру қажет.

Оқыту технологиясы:

- жоғары білім берудегі білімнің, ғылыми жетістіктердің, техниканың белгілі бір аймағында қойылған мақсатқа жету бағытында ұйымдастырылған, жоспарлы күйде тұрақты жүзеге асырылатын білімді, біліктілік және дағдыларды меңгеру үдерісін;

- оқыту, өздігінен білім алу және өзін-өзі бақылау үдерістерін керек етіп, соларды жүзеге асыратын шарттарды қалыптастыруды қамтамасыз ететін әдістер, тәсілдер, құралдар жиынтығы және т.б. шараларды жүзеге асырады.

Демек, оқыту технологиясы – бұл оқу ақпаратын бейнелеу мен өзгертудің, өңдеу мен ұсынудың орталары мен әдістерінің жиыны болса, екінші жағынан – оқыту үрдісіндегі техникалық немесе ақпараттық орталарды пайдаланатын оқытушы мен оқушылардың өзара әрекеттерінің тәсілдері туралы ғылым.

Студенттердің оқу үдерісі барысында игеруге тиісті білім, білік, дағдыларын қалыптастыруды іске асыруды қамтамасыз ететін, оларды тәрбиелеу мен дамытуға бағытталған оқытушының іс-әрекет түрлерін оқыту түрлері ретінде атауға болады.

Оқу үдерісіндегі оқыту мен студенттің білікті маман ретінде қалыптасуына қажетті білім, білік, дағдыларды қалыптастыруды негізгі бағдар ететін оқытушы мен студенттің өзара байланысты іс-әрекет түрлері оқыту әдістері арқылы жүзеге асады.

Оқу үдерісін оңтайлы ұйымдастыруға бағытталып, арнайы құрастырылған немесе жасалған материалдық объектілер оқытудың құралдарын анықтайды.

Жоғарыда айтылған ойлардың нәтижесінде біз оқыту технологиясының анықтамасын келесі негізде ұсынамыз. Оқыту технологиясы дегеніміз – алдынала оқу бағдарламаларында қарастырылған, оқытудың формаларының, әдістері мен орталарының жүйесін бейнелейтін, қойылған мақсатқа мүмкіндігінше ықпалды жетуді қамтамасыз ететін, оқыту мазмұнын іске асыру тәсілі.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар - компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен техникалық құралдар жиыны. Жоғары білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жиі кездесетін осы анықтамасын біз де қолданамыз. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қазіргі оқыту технологиясын интерактивті бағдарламалық-әдістемелік сүйемелдеумен қамтамасыз ететін компьютерлік техника, телекоммуникациялық байланыс құралдары, инструменталдық бағдарламалық құралдар жиыны. Оқыту үдерісіндегі заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың негізгі міндеттері – танымдық әрекеттерді басқару үдерісі мен заманауи ақпараттық білім қорларына қол жеткізудің интерактивті ортасын жасау ісі болып табылады.

Жоғары білім берудің ақпараттық ортасы, олардың ара қатынастары төмендегіше анықталады:

- жоғары білім берудің ақпараттық ортасы;
- жоғары білім берудегі ақпараттық- пәндік орта;
- ғылыми-кәсіби білім беру ортасы;
- жоғары білім берудегі біріктірілген ақпараттық білім беру ортасы;
- жоғары білім берудегі ақпараттық оқыту сайты;
- жоғары білім берудегі біртұтас ақпараттық білім беру кеңістігі.

1-кесте. Жоғары оқу орнындағы сабақ түрлері

Оқыту түрлері		Бақылау түрлері	
Теориялық дайындыққа бағытталған	Практикалық дайындыққа бағытталған	Дәстүрлі	Жаңаша
Лекция Семинар Лабораториялық жұмыс Экскурсия Аудиториялық Өзіндік жұмыс Аудиториядан тыс өзіндік жұмыс Конференция Кеңес алу	Практикалық сабақ Курстық жұмыстар Дипломдық жұмыстар Практиканың барлық түрлері Іскерлік ойындар	Бақылау жұмысы Дербес әңгімелесу Коллоквиум Сынақ Семестрлік және ауыстыру емтихандары Курстық жұмыстарды қорғау Мемлекеттік емтихандар Дипломдық жұмысты қорғау	Тестілеу Рейтинг Мамандық бойынша кешенді емтихан

Информатика мамандығы студенттерінің кәсіби құзырлылықтарын қалыптастырудағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бағдарламалық-әдістемелік құралдар жиынын бере алатын, сапалы педагогикалық білім алудың материалдық және рухани жағдайларын жасай алатын көпсатылы, толыққанды, әлеуметтік-педагогикалық-психологиялық орта.

Ақпарат дегеніміз – тұтынушыға бұрын белгісіз болған және оның зерттелетін объект (үдеріс, құбылыс) туралы түсінігін толықтыратын фактілерден тұратын мәліметтер жиынтығы.

Басқаша айтқанда, ақпарат - тұтынушының мәлімет алмағанға дейінгі анықталмағандық туғызатын әсерін белгілі бір деңгейде шешетін құрал, объект туралы оның түсінігін кеңейтетін мәлімет.

Ақпараттық үдерістер - ақпаратты жинау, жіберу, жинақтау, сақтау, өңдеу, іздеу, беру және пайдаланушыға жеткізу үдерістері. Информатика ғылымы, ақпараттық үдерістерді максатты түрде зерттеу нәтижесінде пайда болды. Информатика — ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және жеткізу тәсілдерін, әдістерін және құралдарын зерттейтін ғылым.

Қазіргі заманғы ғылымда “ақпараттық технологиялар” терминінің анықтамасы өте көп. Аталған термин “ақпарат” және “технология” түсініктерімен байланысты. “Ақпарат” және “технология” категорияларының анықтамаларын жалпы ғылымдық және нақты ғылымдық білімдер тұрғысынан қарастырамыз.

“Технология” сөзі (грек тілінде “техне” - өнер, ғылым, + “логос” – түсінік, оқып үйрену) “өндірістік үрдістерді жүргізу орталары мен тәсілдері туралы

білімдердің жиынын” білдіреді. Оқу-тәрбие үрдісін жүргізудің орталары мен тәсілдері туралы білімдер жиынын “оқу үрдісінің технологиясы” деп атауға болады.

"Ақпарат" ("информация") термині "informatio" деген латын сөзінен шыққан, бұл сөз - мазмұндау, түсіндіру деген мағынаны білдіреді. Тұрмыста, күнделікті өмірде ақпарат ұғымын, адамдардың бір-біріне ауызша, жазбаша немесе басқа да бір әдістермен берілетін мәліметтері ретінде түсінуге болады. Ғылыми және ресми еңбектерде бұл терминнің әрқандай анықтамалары кездеседі.

Ақпарат - қызығушылық тудыратын, тіркеуді және өңдеуді қажет ететін фактілер, құбылыстар, оқиғалар жиынтығы. Ақпараттың көзі және қабылдаушысы болады. Олардың әрқайсысы ретінде - ғылым мен техника, қоғам мен табиғат объектілері, адамдар мен жануарлар бола алады. Осылардың өзара әрекеттесу нәтижесінде ақпарат пайда болады. Кибернетиканың "ақпарат теориясы" деген саласында "ақпарат" терминінің анықтамасы төмендегіше беріледі. Ақпарат дегеніміз тұтынушыға бұрын белгісіз болған және оның зерттелетін объект (үдеріс, құбылыс) туралы түсінігін толықтыратын фактілерден тұратын мәліметтер жиынтығы. Басқаша айтқанда, ақпарат — тұтынушының мәлімет алмағанға дейінгі анықталмағандық туғызатын әсерін белгілі бір деңгейде шешетін құрал, объект туралы оның түсінігін кеңейтетін мәлімет.

Қазақстан Республикасындағы жоғары білімді реформалау жүйесінің жүзеге асырылуы республикамыздың тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу жағдайында үлкен қоғамдық маңызға ие болып отыр. Білім беру тәжірибесінде қалыптасқан жағдайларға жасалған талдаулар жоғары білім беру жүйесін ақпараттық мәдени құндылықтардың бірлігінде қарастыра отырып, ақпараттық қоғамдағы әлеуметтік экономикалық өзгерістерге сай қайта қарау қажет деген қорытындыға әкелді.

Қазіргі кезде отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу жұмыстарының нәтижесінде студенттерді ақпараттық-коммуникациялық пайдалануға дайындаудың мақсаттары мен оқыту жолдары анықталған. АҚШ-тағы университеттердің бірінде осы саланы зерттеушілердің бір тобы компьютерлік сауаттылықты жетілдіріп, оқытудың 7 негізгі кезеңдерін ерекшелеп көрсетті. Олардың пікірінше педагогикалық мамандықтар студенттері.

ЭЕМ-нің негізгі құрылымдарын білуі және олардың жұмысымен таныс болуы тиіс. Оқу программалық құрамдарды қолдана алуы, қолданбалы жүйелі программаларды пайдалануы, ЭЕМ-нің әртүрлі енгізу, шығару құрылғыларын білуі, программалар мен мәліметтердің баламалы көшірмелерін жасай алуы, дискілерді және ЭЕМ-нің көмекші құрылғыларын орната алуы тиіс.

ЭЕМ-нің көмегімен оқыту бағдарламаларын жасай білуі тиіс. Өйткені тек оқыту бағдарламаларын ғана игеру ЭЕМ қамтамасыз ететін педагогикалық мүмкіндіктер деңгейлерін қамтамасыз етпейді. Өзінің білімін кәсіби жетілдіру үшін ол арнайы әдебиеттерді қолдана алуы, жергілікті аймақтық және ұлттық

есептеуіш орталықтарымен қарым-қатынас жасап қажетті мәліметтерді және техникалық көмек алу мақсатында олармен байланыс жасап отыруы керек.

ЭЕМ-нің көмегімен ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқыту кезінде білімгерлердің жеке ерекшеліктерін, біліктіліктерін ескеруі тиіс. Мұғалімдер жеке оқыту бағдарламалармен жұмыс істеуде, ЭЕМ-нің оқу үдерісін басқару мен күрделі мәселелерді шешуге арналған арнайы қолданбалы бағдарламаларын қолдана білулері тиіс.

Білімгерлердің ЭЕМ-мен жұмыс істеген кезде оның жеке басының танымдық ерекшелігін ескерген жөн. білімгерлердің жеке өзінің білімін көтеру барысында педагог бағдарламалық қажеттілікті бағалау көрсеткіштеріне сәйкес оқытушы мамандармен тығыз байланыста болуы қажет.

Білімгерлерді оқытуда ЭЕМ-ді техникалық құрылғы ретінде қолданылатын оқыту ортасын құра білуі және басқара білуі тиіс. Мұғалім ЭЕМ-ді қолдануға арналған уақытты тандай алуы және оны оқу үдерісіне енгізе білуі тиіс. “Ақпараттық ғасырдың” қоғамдық және педагогикалық маңызын білуі қажет. Бағдарламалауға арналған авторлық тілдерді қолдана алуы тиіс.

Өте кең тараған қағида бойынша әсіресе жоғары оқу орындарында педагогтың кәсіби шеберлігі, оның өз пәнін жақсы білуімен көрсетіледі. Әрине бұл кәсіби шеберліктің маңызды элементтерінің бірі, ең бастысы оқу үдерісін жүргізу, ұйымдастыру барысында және ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдануда, оқу еңбегі үдерісінде білімгерлер мен ұстаздар қарым-қатынаста бола білуі. Сонымен бірге, компьютерді қолданып студенттердің оқу жұмыстарын ұйымдастыру, компьютерді пайдалану арқылы студентті ЭЕМ-мен өзара жұмыс істедің қарым-қатынасына үйрету. Бұл тек студенттерді оқытудың белсендіру әдістерін, салыстыра отырып жеке қолданғанда ғана мүмкін болады. Арнайы пәнді оқыту үдерісінде мұғалімнің кәсіби құзырлылығын қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың көп нұсқалық бөлігі болуы тиіс. Филология саласы маманын немесе дефектолог мұғалімді ЭЕМ-де жобалау немесе есептеу жұмыстарына, педагогикалық жұмыстың ақпараттанған жүйесін және ғылыми-зерттеудің ақпараттанған жүйесін жұмыс принциптеріне оқытудың қажеті жоқ. Ал, мәтіндерді өңдеу бойынша олар математика және физика пәндері мамандарына қарағанда жақсырақ дайындалуы тиіс. Барлық пән мұғалімдеріне қойылатын ортақ талаптар, ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану саласында психологиялық-педагогикалық дайындығы жоғары болуы керек.

Бірқатар авторлар жеке оқыту әдістері бойынша сабақтарды ұйымдастыру кезінде бірқатар бағыттарды ерекшелеп айтады, яғни біріншіден, ақпараттық-коммуникациялық технологияны меңгеруде жеке әдістемені оқыту кезінде қолдану (бұл бағыт пәндік аймақтың мазмұнымен анықталады); екіншіден, ЭЕМ-ді қолдануға бағытталған, оқыту әдістері мәселелерін қарау (барлық мамандықтарға ортақ, көпнұсқалы құраушы сияқты жекеленген құраушыларды құрайды); үшіншіден, педагогикалық бағдарламалық құрылымдарды меңгеру және практикада қолдану (мұғалімді ақпараттық

дайындаудың жекеленген бөлімі болып табылады). Омск педагогикалық институтында 1985-1986 оқу жылынан бастап, М.П.Лапчик жетекшілігімен барлық факультеттерде, оның ішінде тіл әдебиеті, тарих, шет тілдері, бастауыш класстар, жаратылыстану-география мамандықтары бойынша мұғалімдерді кәсіби дайындауды компьютерлендіру саласында іс-тәжірбиелік жұмыстар атқарылды. Бұл жұмыстар келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- Информатика негізіне кіріспе курс енгізу;

Информатиканы оқыту әдістемесі, оқу жоспарындағы пәндерді оқытудың барлық салаларына ЭЕМ қолдану әдістерін енгізу (оқытудың барлық кезеңінде);

- Жеке әдістер курсы оқыту мазмұнын қайта құру, бірінші сатыда сәйкес мектеп пәнін оқытуда ЭЕМ қолдануға арналған бөлімдерді енгізу;

- “Есептеуіш техника және ТСО” курсының мазмұны мен максаттарын реттеу;

- Кешендік әдістемелік, педагогика-психологиялық, әдістемелі ұйымдастырушылық, мектептанымдылықтарды “Білім берудегі информатика” пәніне енгізу;

- Арнайы курс, арнайы семинарлар, жүйесін ұйымдастыру (ЭЕМ қолдануға негізделген және кәсіби педагогикалық шеберлікті компьютерде қолдану білімдерінің қажеттілігін дамыту;

- Студенттердің информатика пәні бойынша оқу зерттеу және ғылыми зерттеу жұмыстарын дамыту.

Оқыту үдерісіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ендірудің түрлі жолдары белгілі. Олардың қайсысының ықпалы басым? Бұл сұрақтың өзектілігі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың қажеттілігі туралы дидактикалық қорытындылар арасындағы қайшылықтардан, яғни, бір жағынан, ақпараттық-коммуникациялық технологияларының санының көп болуы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың басқа біртұтас педагогикалық негізделген жүйесінің болмауы арасынан туындайды.

Бірінші бағыт – сабақта көп еңбекті қажет етпейтін дайын бағдарламалық орталарды пайдалануда компьютерді қолдануға мүмкіндік береді. Бірақ, қойылған педагогикалық мақсатқа сәйкес педагогикалық бағдарламалық орталарды тандау күрделі міндеттердің бірі.

Екінші бағыт – арнайы құрылымдық педагогикалық бағдарламалық орталарды пайдалану. Әрбір оқытушы өз бетінше оқытушы жүйелерді жобалауы және жасауы мүмкін. Құрылымдық ортаны меңгеру көп уақыт талап етпейді және жоғары сапалы бағдарламалар құруға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда оқытушы тек өзінің пәніне байланысты жұмыстарды орындайды. Өзінің әдістемелік және оқыту ерекшеліктеріне байланысты сұрақтармен айналысады.

Функционалдық міндеттер мен ақпараттық үдерістерді ұйымдастыру тәсілдерін шешу әдістерін жетілдіру ақпараттық-коммуникациялық

технологияларға әкеледі. Олардың арасында оқытуда қолданылуына орай келесілерді бөлуге болады:

- электрондық оқулықтарды, жаттықтырушылар, лабораториялық практикумдар, тестілік жүйелерді қамтитын компьютерлік оқытушы бағдарламалар;

- дербес компьютерлерді, бейнетехниканы, оптикалық дискілерге жинақтауыштарды пайдаланумен құрылған, мультимедиа технология базасындағы оқытушы жүйелер;

- түрлі пәндік аймақтарды пайдаланылатын интеллектуальдық және оқытушы эксперттік жүйелер;

- білім салалары бойынша мәліметтер қорын тарату;

- электронды поштаны, телеконференцияларды, жергілікті және ауқымды байланыс желілерін, мәліметтер алмасу желілерін және т.б. қамтитын телекоммуникация ортасы;

- электронды кітапханалар, таратылған және орталықтандырылған баспа жүйелері.

Оқытушылардың көпшілігі студенттерді оқыту барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануды іске асыруда мына қиыншылықтармен кездеседі:

- педагогтардың көпшілігінде ең жаңа техникамен жұмыс істеуінің практикалық тәжірибесінің аздығы;

- мамандық саласы бойынша жасалған қолданбалы бағдарламалардың жеткіліксіздігі, ол көп уақытты және материалдық шығындарды керек етеді;

- оқу үдерісіне ақпараттық және қатынастық технологияларды енгізу күрделілігі, ол бір ұжымда істейтін оқытушылардың біліктілігінің елеулі айырмашылықтары болуына байланысты;

- педагогикалық құбылыстарды көрсетуге байланысты мәселелерді шешуге ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану технологиясын түсіндіретін әдебиеттің аз болуы.

Жоғары білім беру жүйесін қайта құру осы уақытқа дейін жоғары оқу орындарындағы білім беру тарихынан жинақталған барлық жағымды өзгерістерді басшылыққа алатын ғылыми әдіснамалық жолдар мен тұжырымдамалық идеяларды талап етеді.

Қазақстан Республикасы “Білім туралы” Заңына және жоғары білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес білім беретін жоғары оқу орындары оқытуды мамандық ерекшелігіне байланысты ұйымдастырады.

Осыған сәйкес мамандық бағытына байланысты пәндердің мазмұны мен көлемін анықтау өте құнды және күрделі мәселе болып табылады.

Бірнеше жоғары оқу орындарының педагогикалық практикасын зерттеу барысында ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың білім беру жүйелері мен үдерісін басқаруда, ақпараттық-білім беру орта құруда белсенді қолданылатындығын көрсетті. Бірақ, оқу пәндерін, соның ішінде ғылыми-жаратылыстану пәндерін (математика, физика, химия, география, биология,

физиология және т.б.) оқытуда тиісті деңгейде қолданылмайтындығы байқалды. Осыған байланысты студенттердің, қоғам мен мемлекет тарапынан оқытудың қазіргі деңгейіне қойылатын талаптары мен педагогикалық қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құбылысының нақты жай-күйі арасында қайшылық пайда болады. Бақылау, сауалнама және ғылыми мағлұматтарды талдау аталған жағдайдың келесі негізгі себептерге байланысты екендігін көрсетеді:

- жалпы қоғамның және жоғары оқу орындары педагогикалық ұжымдарының ақпараттық мәдениетінің төмендігі, білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мүмкіндіктерінің әртүрлілігін білмеуі, жалпы практикада пайдалануды білмеу;

- студенттерді оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың ғылыми психологиялық-педагогикалық теориялық негіздерінің жасалмауы;

- ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен жұмыс істеуге оқытушылардың айтарлықтай бөлігінің пәндік, педагогикалық және әдістемелік дайындығының болмауы;

- оқыту мен оқу үдерісінде оқытушылар мен студенттердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға қызығушылығының төмендігі.

Информатика мамандығы студенттерінің кәсіби құзырлылықтарын қалыптастыруда саралау (дифференциациялау) идеясының оқу үдерісінде ерекше мәні болатыны түсінікті. Осы саралау бойынша әрбір студент ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың минимальді деңгейін игереді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде информатика мамандығында оқитын студенттің кәсіби құзырлылығын қалыптастыру үшін, біріншіден, тиянақты жоғары білім негізімен, екіншіден, аталған технологияны мамандығына сәйкес бағытта қиналмай қолдана алатындай білім жүйесімен қамтамасыз ету керек.

1.3 Білім беруді ақпараттандыру маңызы

Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. «Білім берудегі АКТ» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б., тіркестермен тығыз байланысты.

Білім беруді ақпараттандыру процесі пән мұғалімдеріне, әдіскерлерге, білім мекемелерін басқарушыларға жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне жан-жақты пайдалану саласына үлкен талап қояды. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін

дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Білім беруді акпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне акпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты.

Білім беруді акпараттандыру жағдайында педагог мамандардың біліктілігін арттыру процесі қазіргі заман міндеті.

Акпараттық–коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, Интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Акпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Акпараттық–коммуникациялық технологиялардың келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Жедел дамып отырған ғылыми –техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын акпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналды. Акпараттық технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің рөлі тәуелді болады. Тұтас дүние қалыптастыру мен қоғамдастықтар, жеке адам мен бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың өмір сүруі үшін жаңа жағдайларды қамтамасыз етуде акпараттық–коммуникациялық технологиялар маңызды рөл атқарады. Білім беру саласында электрондық байланыс жүйелерінде акпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, теле-конференция телекоммуникациялық жүйелер арқылы іске асырылуы керек.

Заман ағымына қарай акпараттық технологияларды қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Кез келген сабақта электрондық оқулықты пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Акпараттық–коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр.

Акпараттық–коммуникациялық технологияны пайдалану жөніндегі қызметтің мақсаты:

- үйренушінің шығармашылық әлеуметін дамыту; коммуникативтік әрекеттерге қабілетті болуды дамыту; сараптамалық-зерттеу қызметі дағдыларын дамыту; оқу қызметі мәдениетін дамыту;

- оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерін қарқындыландыру, оның тиімділігі мен сапасын арттыру;

- қазіргі қоғамның акпараттануымен байланысты пайда болатын әлеуметтік тапсырысты өткізу.

Мұғалімнің АКТ пайдалану жөніндегі қызметі табиғатының, оның мақсаттарының уәжінің өзінің сапалық өзгеруі оқыту мақсатында АКТ пайдалану дағдысына әсер ету жолымен болуы мүмкін.

АКТ пайдаланудың мәні компьютерлік техниканың мүмкіндіктерін баланың жеке тұлғасын дамыту проблемасының маңына топтасқан дидактикалық -әдістемелік проблемалық міндеттерді шешуге бағындыру болып табылатындай. Сондай-ақ педагогтың компьютерік сауаттылығы АКТ пайдаланудағы жеке тәжірибесін тұжырымдау есебінен сапалы түрде артады.

Қазіргі жағдайда педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық құзырлылығы кәсіби мамандықтың құрамды бөліктері болып табылады.

Қазақстан Республикасы орта білім жүйесін ақпараттандыру туралы мемлекеттік бағдарламасында «... ҚР дүниежүзінің дамыған елдері сияқты орта білім беру жүйесінен ақпараттандырудың жолына түсуі тиіс, яғни бірыңғай ақпараттық білім беретін желіге негізделген оқыту жүйесін жасау керек. » Осы тұжырым білім беру жүйесін ақпараттандырудың мақсаты болып табылады. Бұл бағдарламалардың міндеттерінің бірі –мектептерді компьютерлендіру.

XXI ғасыр ақпараттық қоғам табалдырығына аяқ басқан сәтте-ақ республикалық білім берудің жаңа жүйесі, яғни білім беру жүйесін ақпараттандыру ісі қолға алына бастады. Заман талабы оқу үрдісінде компьютерлік технологияны енгізуді, оны кең көлемде қолдануды қажет етеді. Электронды оқыту интерактивті жүйе болып табылады. Электрондық оқулық «оқушы-компьютер-мұғалім» жүйесін қалыптастырады, яғни оқушы жаңа тақырыпты ақпарат көзі –компьютерден оқып қажетті мәліметтерді алып, мұғалімге түсіндіріп бере алатындай болуы керек.

Білім беруді ақпараттандыру –жаңа технологияны пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асырады. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Ел басы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны яғни компьютерді оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Әр мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық.

Осы жаңа технология стратегияларды интерактивті тақтадан енгізіп қойсақ, оқушылар шығып жауаптарын орындайды. Бұл сабақты алдын ала электронды оқулықтан көрсетіп, оқушылардың есте сақтауы бойынша орындатқан тиімді.

Сабақтың қызықты да түсінікті болуы мұғалімнің шеберлігі мен ізденімпаздығына тікелей байланысты.

Интернет желісінде жұмыс істеу де оқушыларымызға әлемдік білім мен ғылым жетістігінен хабардар болып, оны игеруіне шексіз мүмкіндіктер ашатыны хақ.

Қазіргі заманғы дамудың талаптарына лайық ақпараттық –компьютерлік технологияларсыз жоғарыда айтылғандарды шешу мүмкін емес.

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында пән мұғалімдерінің біліктілігін көтеру мектебіміздің негізгі міндеттерінің бірі. Пән мұғалімдерінің де қызығушылығы артуда, өз ашық сабақтарына интерактивті тақтаны пайдалану, компьютерді пайдалану арқылы сабақтарын тиімді өткізеді. Әсіресе, ағылшын тілі, орыс тілі мұғалімдері мультимедиа кабинетінде сабақ өткізгенді жөн санайды. Оқушылардың қызығушылығының артуына ықпал жасайды.

Жоғарыда айтылған ой-пікірлерді тұжырымдай келе компьютерді қолдану негізінде мектеп пәндерін оқыту сапасын арттырып, білім беруді ақпараттандыру жүйелі түрде іске асады деуге болады.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Ел басы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Осы тақырыпты қорытындылай келе ұсынысымды айта кеткенді жөн көрдім қазір техниканың дамыған заманы, интерактивті тақтаны пайдалану көп мектепте жүзеге асырылған, соның негізінде мұғалімдерге әдістемелік көмек әлі де көбірек көрсетіліп, пән бойынша өтетін білім жетілдіру курстары да нақтылы әрі жан-жақты қолға алынса деймін.

Ақпараттық –коммуникациялық технологияны оқу тәрбие үрдісіндегі қолдану оқушының өз мамандығына қызығушылығын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, мамандық сапасын арттырып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда үлесі мол.

2 Компьютерлік желі түсінігі және интернет желісі

2.1 Компьютерлік желі түсінігі

Компьютерлік желі – бір бірімен мәлімет аламаса алатын кем дегенде екі компьютердің байланыс құралдары көмегімен қарым-қатынас жасауына арналған ақпарат өңдеудің тармақталған жүйесі. Басқаша айтқанда желі деп дербес компьютерлердің және де принтер, модем, факсимильдік аппарат тәрізді есептеу құрылғыларының бір-бірімен байланысқан жиынын айтады. Желілер әрбір қызметкерге басқалармен мәлімет алмасып құрылғыларды ортақ пайдалануға, қашықта орналасқан қуатты компьютерлердегі мәліметтер базасымен қатынас құруға және тұтынушылармен тұрақты байланыс жасауға мүмкіндік береді.

Телекоммуникация құралдарымен байланысқан компьютерлер жиынын компьютерлік желі деп атаймыз.

Компьютерлік желілер құрылымы бойынша жергілікті, аймақты және аумақты болып бөлінеді.

-Компьютерлік желі дегеніміз – ресурстарды (дискі, файл, принтер, коммуникациялық құрылғы-лар) тиімді пайдалану мақсатында бір – бірімен байланыстырылған компьютерлер тізбегі.

-Компьютерлік желі жұмыс істеу принципіне, аппараттық және программалық қамтамасыз етуіне байланысты жергілікті (ЖКЖ) және аумақты (АКЖ) компьютерлік желі болып бөлінеді.

2.2 Жергілікті желі

-Жергілікті желі шектеулі аймақтағы (бір бөлмеде, бір мекемеде, зауыт немесе бекетте т.с.с) компьютерлерді біріктіреді.

-Жергілікті желі құрудағы себеп – өндіріс-тік процестерді автоматтандыру, әр түрлі құжаттарды жедел өңдеу. Егер жалпы желіге бір-бірінен айтарлықтай қашықтықтағы компьютерлер немесе жергілікті желілер біріктірсе, онда мұндай құрылымды таратылған немесе аймақтық желі деп атайды. Қазіргі кезде ірі компьютерлік желілер саны жүздеген мыңдармен есептеледі. Бір немесе бірнеше желілерді бір – бірімен өзара байланыстыру желіаралық байланыс немесе ауқымды желі деп аталады. Ауқымды желі қала, аймақ, ел, бүкіл Жер шарын қамтуы мүмкін.

2.3 Жергілікті желінің физикалық негізі

-Компьютерді жергілікті желіге қосу үшін қажет: желі адаптері (желі картасы), ол кейде кеңейтілген еркін слотқа қойылады немесе аналық тақшамен (материнская плата) бірге болады және арнайы кабелді желіге қосатын орын (разъем) болуы шарт:

Шиналық топология – мұнда жұмыс станциялары желі адаптерлері арқылы жалпы шинаға немесе магистральға (кабельге) қосылады. Дәл осындай тәсілмен магистральға басқа да желілік құрылғылар қосыла береді. Желінің жұмыс жасау процесінде тасымалданатын ақпарат жөнелтуші станциядан жұмыс станцияларының барлық адаптерлеріне жеткізіледі, бірақ оны тек адресіне көрсетілген жұмыс станциясы қабылдайды.

Жұлдыз тәрізді топология – мұнда ортақтандырылған комму-тациялық түйін-желілік сервер болуы тиіс, ол барлық мәліметтерді жеткізуді жүзеге асырады. Бұл топологияның артықшылығы – кез келген бір жұмыс станциясының істен шығуы жалпы байланысқа әсер етпейді.

Сақиналық топология – мұнда байланысу арналары тұйықталған сақина бойында орналасады. Жөнелтілген мәлімет біртіндеп барлық жұмыс станцияларын аралап шығады да, оны керекті компьютер қабылдаған соң жұмыс тоқтатылады. Бұл топологияның кемшілігі – кез келген бір жұмыс станциясының істен шығуы жалпы байланысты бұзады. ЖКЖ – де ақпаратты тасымалдау үшін төмендегідей физикалық орта қолданылады, ыңғайлы болу үшін байланыс түрлерінің салыстырмалы түрде көрсетілген сипаттамасына көңіл бөлейік. Интернет сөзі әдетте, желінің физикалық деңгейін білдіреді, яғни бұл сөзбен компьютерлерден, кабельдерден және де мәліметтерді тасымалдайтын басқа құрылғылардан тұратын аппараттық жабдықтамалар жиынын атайды.

2.4 Желілік программалық қамтамасыздандыру

-Желідегі компьютерлер жұмысын программа басқарады, ондағы барлық компьютерлердің бір – біріне жіберетін және қабылдайтын ақпараттарды араласпай, тиянақты жеткізілу үшін, олар бір тіл мен – ортақ ереже мен байланыс жасау қажет. Осындай ортақ ереже желілік хаттама деп аталады. Windows 2000 Professional операциялық жүйесі тұтынушыға әр түрлі қызмет көрсететін бір пайдаланушыға арналған жұмыс станцияларын серверлермен байланыстыруға есептелген.

Желімен жұмыс жасағанда компьютер екі рол атқаруы мүмкін:

- Егер компьютер ақпарат алу үшін және сервиспен басқа желідегі компьютермен байланысса, онда бұндай компьютер жұмыс станциясы деп аталады.
- Егер компьютер басқа желідегі компьютерге ақпарат және сервис берсе, онда ол сервер деп аталады.

Серверлер әр түрлі қызмет көрсетеді:

- Файлды сақтау және беру (файлды сервер);
- Баспадан шығару (баспа сервері);
- Факс мәліметтерін беру және алу (факс – сервер);
- Электронды поштаны алу, сақтау және беру (пошта сервері);
- Сайттарды орналастыру (web – сервер);

Серверлер көрсеткен жұмысты қызмет деп атайды. Бір серверде бірден бірнеше қызмет атқарылуы мүмкін. Сервер белгілі бір қызмет атқару үшін ОЖ-гі сервер құрамындағы программаны қосу қажет. Сервер қызметіне қатынау үшін жұмыс станциясынан клиент деп аталатын программаны қосу қажет. Сервері бар, қызмет көрсететін, және клиент компьютерлері бар жергілікті желі «клиент – сервер» технологиясында құрылған желі деп аталады. Желідегі әрбір компьютермен осы функцияларды атқаруға болады, бұндай компьютерлер тең қызмет атқарады. Бұндай компьютерлерді бір ранголы деп атайды.

2.5 Windows XP ОЖ-н желісі

Компьютер желіге қосылғаннан кейін бірнеше рет іске қосылғанда операциялық жүйе DHCP (Dynamic Host Configuration Protocol) серверін іздейді. Мұндай типтегі серверлер компьютерлерге желіде бірін – бірі оңай табу үшін адрес меншіктейді. Егер желіде DHCP сервері болмаса, онда операциялық жүйе автоматты түрде қосылғаннан кейін басқа компьютерлерді анықтай алатын режимге ауысады.

Сервер – ортақ пайдалануға арналған барлық ресурстарды қамтитын компьютер. Ортақ ресурстарды пайдалану үшін сервер қосулы болуы қажет. Желідегі жұмыстың көп бөлігін сервер атқарады.

2.6 Ауқымды компьютерлік желі

Ауқымды желінің жергілікті желіден айырмашылығы жергілікті желімен коса өте алыс (жер шарының кез келген нүктесінде) орналасқан компьютермен жұмыс істеуге болады.

Ауқымды компьютерлік желі логикалық үш компоненттен тұрады:

- қолданушылардың жұмыс орны (жәй компьютерлер);
- серверлер, әр түрлі қызмет атқаратын (күшті компьютерлер);
- мәліметтерді беру желілері.

Ауқымды компьютерлік желі әр түрлі хаттамалармен жұмыс істей алады. Кәзіргі уақытта TCP/IP хаттамасымен жұмыс істейтін, ауқымды желі – Интернет (Internet) баршаға белгілі. Енді оның тарихына қысқаша тоқталайық. DARPA атты американ мекемесі 1966 жылы телекоммуникациялық желілердің жобасын ұсынды. Онда компьютерлерді бір-бірімен өте үлкен қашықтықтар арқылы біріктіріп, орналастырылды. Жүздеген мамандардың жұмыстарының нәтижесінде 1969 жылы алғашқы аймақтық ARPANet компьютерлік желісі пайда болды. Ол әскери мақсатта пайдаланылды және онда қашықтықта орналасқан компьютерлерге түрлі программаларды жіберу, электрондық хабарламаларды жіберу және жүйеге ену құқықтарын қолданушы жүзеге асыра алады.

Ал, 70-жылдары ARPANet принципі басқа аймақтарда орналасқан компьютерлік желілер енгізілді. Бұның жалғасы, яғни 80 – жылдары

Интернеттің пайда болуына әкеліп соқты. Онда жұмыстың жалпы протоколдары қамтамасыз етілді.

Бүкіләлемдік желінің даму тарихын 4 кезеңге бөлеміз:

I кезең (1969-1983 жж.) Бұл кезеңде ARPANet желісі пайда болды. Ол әскери және ғылыми салаларға пайдаланылды. Бірақ оның деренктерді жіберу каналының дамуы өте әлсіз болды. Сондықтан жоғары бағалы компьютерлермен жұмыс жасау қиындық келтірді.

II кезең (1983-1989 жж.) Мұнда ARPANet 185 компьютердің орталығына айналды. Ол орталықтар АҚШ-да, Англияда және Норвегияда орналасқан. Желілір бойынша деректерді жіберу телефондық каналдар немесе байланысты спутниктік каналдары арқылы жүзеге асты. Сонымен, бұл кезеңде жұмыс протоколдары жетілдірілді.

III кезең (1989-1994 жж.) Бұл кезең WWW қызметінің пайда болуымен байланысты. Деректерді жіберу мен қарым-қатынас басқа кезеңдермен салыстырғанда анағұрлым ықшамдала бастады. Ал 1986 жылы бүкіләлемдік компьютерлік желі Интернеттің пайда болуы деп жарияланды. Аталған жаңалыққа байланысты 1991 жылы ARPANet біртұтас желі ретінде қолданылмайтын болмайды. 90 жылдардың орта шенінде видеоконференция пайда болды. Аппараттарды дыбыс арқылы жеткізуде оның мүмкіндігін пайдалануға болады. Бұл кезең WWW интерактивтік қызметі арқылы қарым-қатынастар тиімді болды және Интернетке қосылған қолданушылар саны тез өсті.

IV кезең (1994-1996 жж.) Бұл кезең қолданушылар арасындағы қарым-қатынас тәсілін арттырумен сипатталады. Мұнда көпөлшемді интерактивтік модель VRML пайда болды.

Үшінші және төртінші кезеңдер аралығында Ресейде Интернет желісі қолданыла бастады. Ресейде 1990 жылы «Совам Телепорт» компаниясы электрондық хабарларды жеткізу (off line) мүмкіндігімен шектелген бүкіләлемдік желіге ену кезең басталды. Ал 1994 жылы хабарларды өңдеу, жіберу және қабылдап алу процестерін қамтамасыз ететін on line режимі пайда болды.

Интернет желісін сипаттау үшін оны телефон жүйесімен салыстыру қалыптасқан. Жалғыз телефон компаниясы болмайтыны сияқты Интернет компаниясы да тек біреу емес. Дүниежүзілік немесе мемлекеттік телефон жүйесінің иесі кім? Ешкім де емес. Әрине, оның бөліктерін біреулер иеленеді, бірақ жүйеге толық ешкім ие емес, бұл жүйе өзара келісімарқылы ортақ пайдалануға арналаған. Дүниежүзіндегі ірі телефон компаниялары бірігіп, «телефон жүйесі» қалай пайдаланатыны жөнінде келісіп отырады, яғни әр елдің кодын, төлейтін ақшасын, мұхитаралық кабел құнын – кімдер, қалай бөлісіп көтеретінін және де әр елдің телефон жүйесінің қосылу техникалық мәселелерін бірігіп анықтап отырады. Интернет желісі де дәл осы телефон жүйесі тәрізді басқарылады.

Интернетті пайдаланудың нақты себептері өте көп. Мысалы: сіздің Бурабайға барып дем алғыңыз келіп отыр, сол жердегі аквапаркпен жүзуге

